

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қарашадағы N 1640 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1390 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне төрт вице-министр, оның ішінде бір бірінші, сондай-ақ он жеті адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат етілсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.03.02. N 161 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарауында қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес (2-қосымша) ұйымдардың болатыны назарға алынсын.

5. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 сәуірдегі N 674 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 наурыздағы N 398 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 866 қаулысы;

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 874 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 19, 182-құжат);

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 қазандағы N 1466 қаулысының 7-тармағының 12-абзацы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 21 қарашадағы
N 1640 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Қаржымині) туралы ЕРЕЖЕ Миссиясы

Мемлекеттік қаржыларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету және тұрақты экономикалық өсуге жағдай жасау.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржыларды басқару саласындағы орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Министрлік өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрліктің және оның аумақтық органдарының өздерінің құзыреті шегінде қабылдаған шешімдерін Қазақстан Республикасының барлық министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары, ұйымдары, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғалар атқаруға міндетті.

4. Министрлік өзінің қарауында және ведомстволық бөлімшелерінде болатын мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асырады.

5. Министрлік республикалық меншікті пайдалану, иелену және билік ету жөніндегі уәкілетті органның функциясын жүзеге асырады.

6. Министрліктің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі аяқындайды.

7. Министрлік заңды тұлға болып табылады, оның банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен бланкілері болады.

8. Министрлікті және оның құрылымдық бөлімшелерін ұстау республикалық бюджетте көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

II. Басымдықтары

9. Министрлік өзінің қызметіне мынадай басымдықтарды басшылыққа алады:

салық салынатын базаны кеңейту, контрабандамен күрес жүргізу әдістерін жақсарту жолымен мемлекеттік кірістің өсуін қамтамасыз ету және салықтарды, алымдар мен кеден төлемдерін төлеуден жалтаратын адамдарды анықтау;

мемлекеттік бюджетті қалыптастыру мен атқару процесін жетілдіру, бюджеттік бағдарламалау әдістерін енгізу, мемлекеттік бюджет пен мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуін жақсарту; мемлекеттік қаражаттарды пайдаланудың мониторингі мен аудитті жүйесін құру
ж ә н е да м ы т у ;

мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру; тікелей және кепілдік берілген мемлекеттік борышты басқару жүйесін жетілдіру.

III. Негізгі міндеттері

10. Мемлекеттік дамыту стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қатысу.

11. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен және Ұлттық Банкімен бірлесе отырып, мемлекеттің қысқа және орта мерзімді перспективаға арналған салық-бюджет және кеден саясатын әзірлеу және оны жүзеге асыру.

12. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен және Ұлттық Банкімен бірлесе отырып, республикалық бюджет және мемлекеттік топтастырылған балансының жобасын қалыптастыру.

13. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен және Ұлттық Банкімен бірлесе отырып, қаржылық және бюджеттік жоспарлаудың, мемлекеттік бюджетті реттеу және атқарудың әдістерін жетілдіру.

14. Мемлекеттік қаржылық есеп берудің нысандары мен әдістерін жетілдіру.

15. Республикалық меншікті пайдалану, иелену және билік ету бойынша уәкілетті органның функциясын жүзеге асыру.

16. Заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік қаржы тәртібін сақтауына бақылау жасауды ұйымдастыру.

17. Сақтандыру қызметі саласында мемлекеттік сақтандыруды қадағалауды жүзеге асыру.

18. Мемлекеттік қаражаттардың, мемлекеттік сыртқы заемдар мен гранттардың, сондай-ақ мемлекет кепілдігі берілген сыртқы заемдардың мақсатты және тиімді пайдаланудың мониторингі және оған бақылау жасау.

19. Бухгалтерлік есеп пен аудит, қаржылық есеп беру және оның экономикалық барлық саласындағы үйлестіру методологиясын айқындау.

20. Алкогольді өнімді өндіруге және оның айналымына мемлекеттік бақылау. Ескерту. Жаңа 20-тармақпен толықтырылды, 20-63-тармақтар тиісінше 21-64-тармақтар болып саналды - ҚРҰ-нің 1998.01.27. N 39 қаулысымен

IV. Функциялары

21. Мемлекеттік қаржыларды басқару саласында мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен басымдықтарын айқындауға қатысу. 22. Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық бағдарламаларды, стратегиялық және индикативтік жоспарларды әзірлеуге қатысу. 23. Басқарудың тиімді ұйымдастырушылық нысандарын әзірлеу және енгізу. 24. Мемлекеттік қаржы саласындағы заңдарды қолданудың практикасын талдау және қорытындылау, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, Министрліктің құзыретіне жататын заңдардың және нормативтік, құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу. 25. Халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысу. 26. Мемлекеттік қаржыларды басқару мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастыру. V. Құқықтары 27. Мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдардан, заңды және жеке тұлғалардан заңдарда белгіленген тәртіппен ақпарат сұрау және алу. 28. Өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті нұсқаулар мен нормативтік құқықтық актілер шығару.

29. Заңды және жеке тұлғалардың қаржы тәртіптерін сақтауларын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тарту.

30. Республикалық меншіктегі мүлікті иелену, пайдалану және билік ету, өз құзыретінің шегінде акциялардың мемлекеттік пакетін басқару.

31. Қолданылып жүрген заңдарда белгіленген жағдайларда және тәртіппен лицензиялауды жүзеге асыру.

32. Мемлекеттік кәсіпорын құрылтайшыларының және оларды басқару жөніндегі уәкілетті органдардың функцияларын заңдарда белгіленген тәртіппен іске асыру, олардың жарғыларын бекіту, республикалық меншік құқығы субъектісінің оларға қатысты функцияларын жүзеге асыру.

33. Өз құзыретінің мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастыру.

34. Мемлекеттік қаржылар мен мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасау.

35. Бірыңғай қазынашылық шоттың ағымдағы қалдықтарын тиімді орналастыру жолымен оларды басқару.

VI. Міндеттері

36. Мемлекеттік қаржыларды басқару саласында Қазақстан Республикасы заңдарының сақтауын қамтамасыз ету.

37. Мемлекеттік қаржылардың пайдаланылуына талдау жасауды жүзеге асыру.

38. Мемлекеттік қаржыларды пайдаланудың транспаренттігін қамтамасыз ету.

39. Мемлекеттік бюджетті жоспарлау мен атқаруды жетілдіру жөнінде шаралар әзірлеу және жүзеге асыру.

40. Мемлекеттік бюджеттің және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың аудит стандарттарын әзірлеу.

VII. Жауапкершілігі

41. Министрліктің стратегиялық жоспарын жүзеге асыруға. 42. Мемлекеттік қаржы жүйесінің жай-күйі туралы ақпараттардың сенімділігіне.

43. Мемлекеттік қаржылардың тиімді және мақсатты пайдаланылуына.

44. Мемлекеттік қаржыларды басқару саласында Қазақстан Республикасы заңдарының, Президент және Үкімет актілерінің сақталуына.

45. Қаржы тәртібін сақтау саласында шаруашылық жүргізуші субъектілер мен тұрғындар арасындағы насихат және ағарту жұмыстарына.

VIII. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

46. Министрлік пен оның аумақтық органдары Министрліктің біртұтас жүйесін құрады.

47. Министрді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметінен босатады. Министрдің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын үш орынбасары - вице-министрлері, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады. Министрдің Парламентпен байланыс жасау жөніндегі хатшы вице-министрі болады.

48. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді.

49. Осы мақсаттар үшін Министр:

- өзінің орынбасарларының, Министрліктің департаменті директорларының және басқа да қызметкерлердің міндеттері мен өкілдіктердің аясын айқындайды;
- Министрліктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен

б о с а т а д ы ;

- қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Министрлікті барлық органдар мен ұйымдарға білдіреді ;

- Министрліктің қызметін қамтамасыз ететін Құрылымдар туралы ережелерді бекітеді ;

- штат кестесі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қызметкерлер саны және еңбекақы төлеу қоры шегінде бекітіледі.

- өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер жөнінде шешім қабылдайды.

Ескерту. 49-тармақтың 6-абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.03.02. N 161 қаулысымен .

50. Министрлікте құрамында Министр, оның орынбасарлары, департаменттер мен комитеттердің жекелеген басшылары болатын алқа құрылады. Алқаның құрамына өзге де тұлғалар кіре алады.

Алқаның сандық құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Алқаның дербес құрамын Министр бекітеді.

Алқаның шешімі Министрдің бұйрықтарымен іске асырылады. Алқа мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда шешімді алқаның төрағасы қабылдайды .

51. Мемлекеттің қаржы саясатын жүргізу жөніндегі функцияларды іске асыру үшін Министрліктің құрамына министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін, сондай-ақ жекелеген ғалымдар мен мамандарды енгізе отырып, тұрақты жұмыс істейтін әдістемелік (методологиялық) кеңестер мен уақытша жұмыс топтарын құруға құқығы бар.

52. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдар үшін міндетті шешімдер қабылдайды.

53. Министрліктің қабылдаған шешімдері Министрдің бұйрықтарымен ресімделеді .

54. Министр болмаған кезде Министрдің бірінші орынбасары оны алмастырады, Министрлік жанындағы комитеттердің қызметін үйлестіреді, өзіне Министр жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

55. Министрліктің орталық аппараты департаменттер мен Министрліктің қызметін қамтамасыз ететін құрылымдардан тұрады. Министрліктің құрамында заңды тұлға болып табылатын департаменттер және комитеттердің құрылуы мүмкін. Департаменттердің (заңды тұлға құқығы бар) және комитеттердің тізбесін Үкімет бекітеді. Мұндай департаменттер мен комитеттер құру туралы шешімді Үкімет қабылдайды .

56. Департаментті Министр қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады. Заңды тұлға болып табылатын Департаменттің директорын Министрдің ұсынуымен Үкімет қызметке тағайындайды және

қызметтен босатады. Департамент директорының ұсынуымен Министр қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

Департамент және оның құрылымы туралы ережені Департамент директорының ұсынуымен Министр бекітеді. Заңды тұлға болып табылатын департаменттер туралы ережені Үкімет бекітеді.

57. Департаменттің директоры Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуын, оның ол функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді.

58. Министрліктің жанындағы (ішіндегі) Комитет (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

59. Комитет Министрліктің құзыреті және өзіне берілген өкілеттіктер шегінде арнаулы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын дербес жүзеге асырады. Комитеттің өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері барлық органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы ү ш і н м і н д е т т і .

60. Комитет заңды тұлға болып табылады, банкте өзінің шоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі болады.

61. Комитеттің штат санын Үкімет айқындайды.

62. Комитетті Министрдің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады. Комитет төрағасының ұсынуымен қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Комитет төрағасының орынбасары болады.

63. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және басқаруды жүзеге асырады. Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді.

64. Комитеттің төрағасы осы мақсаттарды:

өз орынбасарының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауапкершілік дәрежесін айқындайды;

Министр бекітетін номенклатуралық қызмет лауазымдарына сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; тәртіптік ш а р а л а р қ о л д а н а д ы ;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

Комитеттің құрылымдық бөлімшелері, оның аумақтық органдары туралы е р е ж е л е р д і б е к і т е д і ;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз құзыретінің шегінде Комитетті мемлекеттік органдарда және ұйымдарда білдіреді;

өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 21 қарашадағы
N 1640 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ҚҰРЫЛЫМЫ

Бюджеттік департамент
Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясы департаменті (заңды тұлға
құқығында)
Ақпарат жұмысын инспекторлық-ұйымдастыру департаменті
Қаржы жүйесі кадрларын даярлау мен қайта даярлау және қызметкерлермен
жұмыс істеу департаменті
Қазынашылық департаменті (заңды тұлға құқығында)
Мемлекеттік мүлік пен жекешелендіру департаменті (заңды тұлға құқығында)
Фискальдық саясат департаменті
Заң қызметі департаменті
Сақтандыруды қадағалау департаменті (заңды тұлға құқығында)
Салық полициясы департаменті (заңды тұлға құқығында)
Қаржы бақылау комитеті (заңды тұлға құқығында)
Сырттан қарыз алу жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)
Салық комитеті (заңды тұлға құқығында)
Кеден комитеті (заңды тұлға құқығында)
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департамент (заңды тұлға құқығында)
Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет (заңды тұлға
құқығында)
Алкоголь өнімін өндіруге және оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау
жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)

Ескерту. Қосымша толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.01.27. N 39 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 21 қарашадағы
N 1640 қаулысына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарауындағы
ұйымдардың
ТІЗБЕСІ**

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры
М е д е т ш і б а н к і
"Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік"
Мемлекеттік қаржы институты
Ақмола қаржы-экономикалық колледжі
Рымбек Байсейітов атындағы Семей қаржы- экономикалық колледжі
Б а с е с е п т е у о р т а л ы ғ ы
" Қ а р ж ы - қ а р а ж а т " б а с п а с ы
Қызмет ғимараттарын пайдалану және шаруашылық қызмет көрсету
ж ө н і н д е г і б а с қ а р м а
Қаржы жүйесінің басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін
арттырудың тұрақты жұмыс істейтін курстары
Ескерту. Қосымшадан жол алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1999.04.21. N 443
қ а у л ы с ы м е н .